

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY



БГПУ  
им. М. Ақмұллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ  
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND  
PRACTICE»

## МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:  
НАУКА И ПРАКТИКА»  
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»  
february 26, 2026**

**Астана, 26 ақпан 2026 ж.**

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,  
Махадиева А.К.

**П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

**ISBN 978-601-385-193-8**

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-385-193-8**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.  
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатова Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p><b>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме</b>  <b>4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога</b>  <b>4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</b></p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Ақитбаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзiреттiлiгi мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контекстінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Ә.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

теориялық білімін ғана емес, нақты кәсіби жағдайларда мобильдік тәуелділіктің алдын алу қабілетін анықтауға мүмкіндік береді

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, цифрлық трансформация жағдайында оқушылардың мобильдік тәуелділігінің алдын алу педагог-психологтардың кәсіби даярлығына тікелей байланысты екені анықталды. Әдеби шолу нәтижелері педагог-психологтарды даярлау үдерісін жаңғырту, цифрлық құзыреттілікті арттыру және алдын алу жұмыстарының ғылыми-әдістемелік негізін күшейту қажеттігін көрсетті. Бұл бағыттағы жұмыстар білім беру жүйесінде оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, педагог-психологтарды даярлаудың мазмұндық және технологиялық аспектілері өзара тығыз байланыста жүзеге асуы тиіс. Мазмұндық компонент кәсіби білімнің негізін қаласа, технологиялық аспект сол білімді тәжірибеде тиімді қолдануға жағдай жасайды. Бұл екі аспектінің үйлесімділігі болашақ педагог-психологтардың оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуда кәсіби тұрғыда даяр болуын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, ұсынылған бағыттар педагог-психологтарды цифрлық трансформация жағдайында оқушылардың мобильдік тәуелділігінің алдын алуға даярлаудың тиімді моделін қалыптастыруға негіз болады. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесінде оқушылардың психологиялық саулығын сақтауға және нығайтуға ықпал етеді.

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. Griffiths M. Behavioural addiction and digital technology. *Journal of Behavioral Sciences*, 2019.
2. Young K.S. *Internet and Mobile Addiction: Psychological Aspects*. New York: Academic Press, 2018.
3. Иванов И.П. *Психология цифровых зависимостей*. Москва: Педагогика, 2020.
4. Тоқтарбаева Б.А. Цифрлық білім беру ортасы және оқушы психологиясы. Алматы: Ғылым, 2021.
5. Қожахметова А.К. Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігінің алдын алу жолдары. *Педагогика және психология*, 2022.

**ӘОЖ 378:159.9:004**

### **ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ИМИДЖІ: ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**К.К. Шакаримова, Сламбекова Т.С., Хасан Арслан**

**[\\*vip.shakarimava@mail.ru](mailto:vip.shakarimava@mail.ru)**

<sup>1</sup>\*С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>Чанаккале, Он сегіз март университеті, Чанаккале, Түркия

**Аннотация.** Бұл мақалада цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудың ғылыми-теориялық аспектілері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – цифрлық орта жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудың мазмұнын, құрылымдық компоненттерін және оның педагогикалық-психологиялық негіздерін айқындау. Автор қазіргі қоғамдағы цифрландыру үдерісінің білім беру саласына әсерін, педагогикалық кадрларды даярлаудағы жаңа талаптарды және цифрлық мәдениеттің кәсіби бейнеге ықпалын талдайды. Зерттеу әдіснамасы ретінде жүйелі-құрылымдық талдау, салыстырмалы және контенттік талдау, теориялық модельдеу тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер педагогикалық, психологиялық және имидждік тұжырымдарды біріктіре отырып, кәсіби имидждің цифрлық ортада қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен құндылығы болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджін цифрлық мәдениетпен өзара байланыста қарастыруында, сондай-ақ оның кәсіби өзіндік презентациясын дамыту жолдарын айқындауында көрініс табады. Зерттеу

нәтижелері кәсіби дайындық жүйесін жетілдіруге, болашақ мамандардың цифрлық кеңістіктегі беделін қалыптастыруға ықпал етіп, мақала нәтижелері педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған имидждік даярлық бағдарламаларын дайындауда қолдануға мүмкіндік береді.

**Annotation.** This article examines the scientific and theoretical aspects of forming the professional image of future educational psychologists in the era of digitalization. The aim of the study is to determine the content, structural components, and pedagogical-psychological foundations of shaping the professional image of future educational psychologists within the digital environment. The author analyzes the impact of digitalization processes in contemporary society on the field of education, the emerging requirements for teacher training, and the influence of digital culture on professional identity and image construction. The research methodology is grounded in a systemic-structural approach and employs comparative analysis, content analysis, and theoretical modeling. The integration of these methods made it possible to synthesize pedagogical, psychological, and image-related concepts and to identify the patterns governing the formation of professional image in a digital context. The scientific novelty and significance of the study lie in conceptualizing the professional image of the future educational psychologist in close interrelation with digital culture, as well as in identifying pathways for developing conscious professional self-presentation. The findings contribute to the improvement of professional training systems, support the development of future specialists' reputation in the digital space, and may be applied in designing image-oriented training programs for pedagogical higher education institutions.

**Кілт сөздер:** имидж, кәсіби имидж, болашақ педагог-психолог, кәсіби имиджді қалыптастыру, кәсіби имидж мазмұны.

**Keywords:** image, professional image, future educational psychologist, formation of professional image, content of professional image.

Қазіргі қоғамда цифрландыру үдерісінің қарқынды енуі білім беру жүйесі мен педагогикалық мамандықтар үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар, кәсіби құзыреттіліктің, коммуникация мен өзіндік презентацияның жаңа стандарттарын қалыптастыруды талап етіп отыр. Осындай жағдайда болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджін цифрлық ортада қалыптастыру – оның тұлғалық және кәсіби дамуындағы маңызды факторға айналады.

Педагог-психолог – тек оқыту мен тәрбиелеу процесінің қатысушысы ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға әсер етуші тұлға. Сондықтан оның кәсіби имиджі – сенімділік, эмпатия, креативтілік және кәсібиліктің символы ретінде білім алушылар мен қоғамның оған деген көзқарасын айқындайды. Цифрлық коммуникациялар мен әлеуметтік желілер дәуірінде бұл имидждің қалыптасу тетіктері дәстүрлі педагогикалық ұстанымдармен қатар, интернет-медиа мәдениет, цифрлық өзін-өзі ұсыну (өзіндік презентация), киберпсихология және педагогикалық этика талаптарына сай жаңаша түсіндіруді қажет етеді.

Зерттеудің өзектілігі, бір жағынан, педагогикалық білім беруді цифрландыру саясатының белсенді жүзеге асырылуымен, екінші жағынан, педагог мамандарының имиджін кәсіби-цифрлық интеграция тұрғысынан дамыту қажеттілігімен анықталады. Мәселенің маңыздылығын «ҚР жоғары білім және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерінің бірі - жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білімді дамыту деп анықталып, ал оны дамытудың бір жолы жоғары білім беру инфрақұрылымы мен цифрландыру архитектурасын дамыту деп көрсетуі цифрлық кәсіби имиджді қалыптастырудың маңыздылығын айқындай түседі [1]. Цифрлық кампустар, цифрлық оқу материалдары, кітапханалар мен олардың жүйелерін цифрлық трансформациялау жүзеге асып, цифрлық құзыреттер білім беру және кәсіби стандарттардың міндетті элементі болады деп көрсетуі, цифрлық ортада болашақ педагогтарды даярлаудың өмірлік қажеттілік екендігін дәлелдей түседі. Тұжырымдамада жоғары білім мен ғылымды дамытудың негізгі тәсілдерінің бірі өмір бойы оқуды дамыту деп анықтаса, оны жүзеге асырудың бір жолы азаматтардың цифрлық құзыреттерін арттыру деп цифрландырудың өзектілігін айқындай түседі.

Цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджін зерттеу имидж ұғымын пәнаралық ғылыми категория ретінде қарастыруды талап етеді. Имидж саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, философия, психология және педагогика

ғылымдарында тұлғаның әлеуметтік қабылдану формасы ретінде түсіндіріледі. Ғылыми әдебиеттерде имидж жеке қасиеттердің механикалық жиынтығы емес, әлеуметтік рөл, мәдени контекст және коммуникациялық тәжірибе арқылы қалыптасатын символдық құрылым ретінде сипатталады.

Р. Арнхейм, П. Берд, В. Липман, В. Франкл, Э. Фромм, В.Н. Черепанова, В.М. Шепель еңбектерінде имидж тұлғаның қоғамдық санадағы бейнесі ретінде қарастырылады. Бұл зерттеулер имидждің адамның ішкі психологиялық құрылымы мен сыртқы әлеуметтік репрезентациясының бірлігі екенін көрсетеді. Әсіресе Э. Гоффманның рөлдік өзара әрекет теориясы имиджді әлеуметтік сахнадағы саналы өзін таныстыру процесі ретінде түсіндіреді.[2] Оның тұжырымдамасына сәйкес, адам аудитория алдында белгілі бір кәсіби рөлді орындайды, ал имидж сол рөлдің әлеуметтік қабылданатын формасы болып табылады. Бұл идея педагог-психолог қызметіне тікелей қатысты, себебі педагог кәсіби әрекет барысында үнемі әлеуметтік аудиториямен өзара әрекетке түседі.

Педагогика ғылымында мұғалім имиджі кәсіби мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырылады. В.А. Сластенин педагог тұлғасының кәсіби қалыптасуын құндылықтар жүйесімен байланыстырады [3]. Н.В. Кузьмина мұғалімнің кәсіби шеберлігін әлеуметтік-психологиялық құрылым ретінде сипаттайды. Л.М. Митина педагогтың кәсіби дамуын оның өзіндік санасының эволюциясымен байланыстырады. В.Л. Бенин, Л.А. Волович, Л.Б. Соколова имиджді педагогикалық іс-әрекеттің көрсеткіші деп есептесе, О.А. Абдуллина, И.Е. Щуркова оны кәсіби мәдениет пен тұлғалық қасиеттердің бірлігі ретінде сипаттайды.

А.А. Калюжный мұғалім имиджінің әлеуметтік-психологиялық негіздерін талдап, кәсіби бейненің коммуникативтік қабілетпен тығыз байланысты екенін дәлелдейді [4]. Т.В. Черникова имидж құрылымын когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық компоненттер арқылы сипаттайды [4].

Имидждің әлеуметтік-мәдени табиғаты С.С. Аверинцев, М.М. Бахтин, Л.П. Бувев, И.А. Зимняя, М.С. Каган еңбектерінде ашылып, педагог тұлғасының қоғамдық кеңістікте қалыптасуы мәдени контекстпен байланыстырылады.

Психологиялық бағыттағы зерттеулер мұғалім имиджінің әлеуметтік-психологиялық құрылымын және кәсіби құзыреттілікпен байланысын дәлелдейді. Қазақстандық зерттеушілер (Г.К. Кусаметова [5], Н.Ж. Жексенбиева, Г.Қ. Шырынбаева, Ә.М. Құдайбергенова, А.К. Мынбаева [6] және басқалар) педагог имиджінің құрылымдық моделін ұлттық білім беру кеңістігі контекстінде талдаған.

Цифрлық орта бұл теорияларды жаңа мазмұнмен толықтырды. Шерри Теркл виртуалды кеңістікте тұлғаның жеке және кәсіби «менінің» бөлінуін көрсетсе, қазіргі зерттеулер онлайн идентификация кәсіби беделдің маңызды бөлігіне айналғанын дәлелдейді[7]. Педагог-психологтың онлайн бейнесі оның кәсібилігінің, сенімділігінің және этикалық жауапкершілігінің индикаторы ретінде қарастырылады. Медиасауаттылық пен цифрлық құзыреттілік педагог имиджінің міндетті компоненттеріне айналып отыр. Мануэль Кастельс (2018) [8], Дженкинс (2020) еңбектерінде педагог үшін цифрлық мәдениет кәсіби этиканың жалғасы ретінде сипатталады [9].

Әдебиеттерге жасалған теориялық талдау нәтижелері цифрлық орта жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджін қалыптастыру күрделі, көпқырлы педагогикалық процесс екенін көрсетті. Осы ғылыми тұжырымдар аталған процесті жүйелі түрде түсіндіретін және оны практикалық тұрғыда жүзеге асыруға мүмкіндік беретін модельді әзірлеуге негіз болды.

Ұсынылған модель кәсіби имиджді тұлғалық, мазмұндық және технологиялық жүйе ретінде қарастырады. Ол педагогикалық жүйелер теориясына, кәсіби даму психологиясына және цифрлық сәйкестік тұжырымдамаларына сүйенеді. Модель өзара байланысты бес блоктан тұрады: теориялық-әдіснамалық, құрылымдық-мазмұндық, процесуалдық-технологиялық, диагностикалық және нәтижелік блоктардан тұрады. Модель бейнесін төмендегі 1-суреттен көруге болады.



Сурет 1. Цифрлық ортадағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастыру

Модельдегі теориялық-әдіснамалық блок – бұл модельдің философиялық негізін анықтайды. Ол жүйелілік, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған, аксиологиялық, құзыреттілік және т.б. тұтырлар мен цифрлық мәдениет тұжырымдамасына сүйенеді. Цифрлық мәдениет тұжырымдамасы педагог-психологтың кәсіби әрекетін қазіргі медиа кеңістікпен байланыстырады. Кәсібилік, рефлексиялық даму, этикалық жауапкершілік, цифрлық қауіпсіздік және үздіксіз даму принциптері кәсіби имиджді саналы түрде қалыптастыруға бағытталған.

Құрылымдық-мазмұндық блок – бұл блок кәсіби имидждің ішкі құрылымын сипаттайды. Ол когнитивтік, құндылық-мотивациялық, іс-әрекеттік компоненттерден тұрады. Бұл компоненттер тұлғалық деңгейде, кәсіби әрекеттік деңгейде және цифрлық репрезентация деңгейінде іске асады. Осылайша кәсіби имидж білім, құндылық, әрекет және цифрлық сәйкестік бірлігінде қалыптасады.

Процесуалдық-технологиялық блок – бұл модельдің практикалық механизмі. Цифрлық ортадағы кәсіби имиджді қалыптастыру арнайы курс бағдарламасы, білім алушылардың цифрлық портфолио жүргізуі, медиа жобалар (кәсіби парақша жүргізуі), пәндік сабақтарда боөж және бөж сабақтарында арнайы кәсіби имиджді қалыптастыруға бағытталған цифрлық ортада орындайтын тапсырмалар кешенін орындату, кәсіби кейстер және рефлексиялық тапсырмалар және т.б. қамтитын әрекеттер барысында қалыптасады. Семинарлар мен практикумдар, пәндік мазмұндағы боөж бен бөж тапсырмалары, жобалық жұмыс формалары студентті шынайы цифрлық кәсіби ортаға енгізіп, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Диагностикалық блок – бұл блок кәсіби имидждің қалыптасу деңгейін бағалауға арналған. Бағалау кәсіби имидждің құрылымдық компоненттеріне сәйкес жүргізіледі және танымдық, мотивациялық-құндылықтық және іс-әрекеттік құрамдас бөліктерді бағалауды қамтиды. Бағалау объектілері ретінде студенттердің әлеуметтік желідегі кәсіби парақшалары, цифрлық портфолиосы, цифрлық ортада пәндік тапсырмаларды орындау нәтижелері, рефлексиялық материалдары және т.б. қарастырылады. Танымдық критерий кәсіби имидж туралы түсініктің қалыптасуын, цифрлық ортадағы кәсіби бейнені ұғынуын сипаттайды. Мотивациялық-құндылықтық критерий кәсіби позицияны, өзін педагог-психолог ретінде саналы танытуға бағыттылығын көрсетеді. Іс-әрекеттік критерий цифрлық ортадағы кәсіби әрекеттің жүйелілігін, кәсіби контент сапасын және онлайн коммуникация

мәдениетін сипаттайды. Жоғарыда аталған өлшемдер негізінде кәсіби имидждің қалыптасу деңгейі төмен, орта және жоғары деңгейлер бойынша анықталады.

Модельдің келесі блогы – нәтижелік блок. Модельдің нәтижесі – тұлғалық, кәсіби және цифрлық сәйкестігі үйлесімді интеграцияланған, кәсіби имиджін саналы түрде қалыптастырып, цифрлық ортада оны мақсатты түрде ұйымдастыра және реттей алатын болашақ педагог-психолог тұлғасының қалыптасуы. Бұл нәтиже келесі сипаттамалар арқылы айқындалады: кәсіби позициясының айқындығы мен тұрақтылығы; цифрлық мәдениет пен медиасауаттылықты саналы қолдану; онлайн және офлайн кеңістікте бірізді кәсіби репрезентация; кәсіби коммуникацияның этикалық және мәдени нормаларын сақтау; өз кәсіби бейнесін рефлексиялау және жетілдіруге бағытталған ұстаным.

Әдеби талдау мен модельдік түсіндіру кәсіби имидждің цифрландыру дәуірінде жаңа мазмұнға ие болғанын көрсетеді. Педагог-психологтың кәсіби бейнесі тек тұлғалық қасиеттер мен кәсіби біліммен шектелмейді; ол цифрлық репрезентация, медиасауаттылық және онлайн этикамен толықтырылады. Сондықтан кәсіби имиджді қалыптастыру педагогикалық дайындықтың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы тиіс.

Кесте 1. Болашақ педагог-психологтардың цифрлық ортадағы кәсіби имиджінің қалыптасу критерийлері мен деңгейлері»

Компонент	Критерийлері	Көрсеткіштері	Деңгейлері
Когнитивтік компонент	кәсіби имидждің теориялық негіздері мен цифрлық ортадағы қалыптасу заңдылықтары н түсіну	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіби имидж ұғымын және оның құрылымдық компонентте-рін ғылыми тұрғыдан түсіну;</li> <li>- цифрлық орта ерекшеліктерін және оның кәсіби имиджге ықпалын ұғыну;</li> <li>- кәсіби репутация қалыптасу механизмдерін сипаттау;</li> <li>- цифрлық іздің кәсіби имиджге әсер ету заңдылықта-рын түсіндіру.</li> </ul>	Жоғары - кәсіби құндылықтарын саналы қабылдайды; педагог-психолог рөлін ішкі кәсіби ұстаным ретінде игерген; кәсіби бағыттылығы тұрақты; цифрлық ортада этикалық нормаларды жүйелі сақтайды; цифрлық әрекетке жауапкершілікпен қарайды; кәсіби «Мен» бейнесі тұлғалық ұстанымымен үйлеседі.
			Орташа - кәсіби құндылықтарды жалпы мойындайды, бірақ олар мінез-құлқында тұрақты көрінбейді; кәсіби бағыттылығы айқын емес/тұрақсыз; цифрлық этиканы негізінен сақтайды, бірақ кейде формальды; кәсіби «Мен» бейнесі эпизодтық сипатта.
			Төмен - кәсіби құндылықтарды нақты айқындай алмайды; кәсіби рөлді толық қабылдамаған; цифрлық ортада кәсіби-этикалық нормаларды жүйелі сақтамайды; цифрлық әрекетке жауапкершілік төмен; кәсіби «Мен» бейнесі айқын емес.
Құндылықтық-мотивациялық компонент	Кәсіби құндылықтық бағдар мен цифрлық ортадағы кәсіби-этикалық ұстаным және кәсіби өзіндік сәйкестіктің айқындығы	<ul style="list-style-type: none"> <li>-кәсіби құндылықтарының анықтығы және кәсіби бағыттылықтың тұрақтылығы;</li> <li>- цифрлық ортада кәсіби-этикалық нормаларды сақтау;</li> <li>- кәсіби рөлді саналы игеру және кәсіби «Мен» бейнесінің бірізділігі;</li> <li>- цифрлық әрекетке жауапкершілік.</li> </ul>	Жоғары - өзін педагог-психолог ретінде жүйелі танытады; кәсіби «Мен» бейнесі бірізді, тұрақты; жарияланымдардың басым бөлігі педагог-психологиялық мазмұнда; цифрлық құралдар мазмұнмен үйлесімді пайдаланылады; аудиториямен кәсіби қарым-қатынас мәдениеті сақталады; кәсіби цифрлық бейнесі уақыт бойы тұрақты және беделге сәйкес.
			Орташа - кәсіби контент жариялайды, бірақ жүйелілік әлсіз; кәсіби «Мен» бейнесі кейде ғана айқын көрінеді; контент мазмұны аралас (кәсіби және жеке); цифрлық құралдар қолданылғанымен, кәсіби мақсатпен толық үйлеспейді; коммуникация мәдениеті жалпы сақталады.
			Төмен - кәсіби контент сирек; кәсіби «Мен» бейнесі айқын емес; мазмұн кәсіби бағыттан

			алшак; цифрлық құралдарды кәсіби мақсатта жүйелі қолданбайды; кәсіби цифрлық бейне тұрақсыз немесе үйлесімсіз.
Іс-әрекеттік компонент	Цифрлық ортада кәсіби өзіндік презентация арқылы кәсіби бейненің тұрақты көрініс табуы	- цифрлық ортада кәсіби өзіндік презентация арқылы кәсіби бейненің тұрақты көрініс табуы - кәсіби «Мен» бейнесінің айқындығы мен бірізділігі - педагог-психолог мамандығына сәйкес кәсіби мазмұнның басымдығы - цифрлық формат пен құралдарды кәсіби мақсатта қолдану - цифрлық ортадағы кәсіби қарым-қатынас мәдениеті - кәсіби цифрлық бейненің тұрақтылығы	Жоғары - өзін педагог-психолог ретінде жүйелі танытады; кәсіби «Мен» бейнесі бірізді және тұрақты; жарияланымдардың басым бөлігі педагог-психологиялық мазмұнда; кәсіби терминология орынды қолданылады; цифрлық құралдар мазмұнмен үйлесімді пайдаланылады; аудиториямен кәсіби қарым-қатынас мәдениеті сақталады; кәсіби цифрлық бейнесі уақыт бойы тұрақты және беделге сәйкес.
			Орта - кәсіби контент жариялайды, бірақ жүйелілік әлсіз; кәсіби «Мен» бейнесі кейде ғана айқын көрінеді; контент мазмұны аралас (кәсіби және жеке); цифрлық құралдар қолданылғанымен, кәсіби мақсатпен толық үйлеспейді; коммуникация мәдениеті жалпы сақталады.
			Төмен - кәсіби контент сирек немесе кездейсоқ; кәсіби «Мен» бейнесі айқын емес; мазмұн кәсіби бағыттан алшак; цифрлық құралдарды кәсіби мақсатта жүйелі қолданбайды; кәсіби цифрлық бейне тұрақсыз немесе үйлесімсіз

Әдебиеттерге жасалған теориялық талдау цифрлық орта жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі кездейсоқ қалыптасатын құбылыс емес, белгілі бір психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік механизмдерге бағынатын үдеріс екенін көрсетіп, оны заңдылықтарын анықтауды негіздеді.

Әлеуметтік репрезентация мен аудиториялық қабылдаудың өзара байланыс заңдылығы. У. Липпман имиджді қоғамдық санадағы стереотиптік бейне ретінде сипаттаса [10], Э. Гоффман тұлғаның әлеуметтік кеңістікте өзін «сахналық рөл» арқылы танытатынын дәлелдеді. Осы теорияларға сүйене отырып, цифрлық ортадағы кәсіби имидж саналы өзіндік презентация мен аудиторияның қабылдауы арасындағы интерактивті қатынас нәтижесінде қалыптасатыны анықталады. Яғни педагог-психологтың онлайн репрезентациясы оның кәсіби бейнесін аудитория санасында бекітеді.

Кәсіби сәйкестік пен тұлғалық «Меннің» интеграциясы заңдылығы. А.Н. Леонтьевтің әрекет теориясы кәсіби даму әрекет арқылы жүзеге асатынын негіздесе, И.С. Кон өзіндік сәйкестіктің әлеуметтік рөлмен байланыста қалыптасатынын көрсетті. Л.М. Митина педагогтың кәсіби дамуын тұлғалық және кәсіби өзіндік сананың бірлігі ретінде қарастырды [11]. Осы тұжырымдарға сүйенсек, цифрлық ортадағы кәсіби имидж тұлғалық қасиеттер мен кәсіби рөлдің үйлесімді интеграциясы нәтижесінде қалыптасады. Егер бұл интеграция тұрақты болса, кәсіби бейне бірізді сипат алады.

Құндылықтық детерминация заңдылығы – М.С. Каган тұлғаның мәдени-аксиологиялық құрылымын негіздесе, И.А. Зимняя кәсіби құзыреттіліктің құрамында құндылықтық компоненттің жетекші рөлін атап өтті. Осы ғылыми көзқарастар негізінде цифрлық ортадағы кәсіби имидждің тұрақтылығы кәсіби құндылықтардың, педагогикалық этиканың және жауапкершіліктің айқындығына тәуелді екені анықталады. Құндылықтық негіз әлсіз болған жағдайда кәсіби бейне фрагментарлы сипат алады.

Цифрлық сәйкестік пен медиа мәдениет ықпалы заңдылығы – Шерри Теркл цифрлық кеңістікте «онлайн Мен» феноменін сипаттаса, Генри Дженкинс қатысымдық мәдениет тұжырымдамасында аудиторияның белсенді медиасубъектке айналуын көрсетті, ал Мануэль Кастельс желілік қоғам жағдайында әлеуметтік рөлдердің трансформациясын талдады. Осы

зерттеулер негізінде цифрлық орта кәсіби имиджге қосымша өлшем енгізетіні анықталады: онлайн репрезентация кәсіби сәйкестіктің ажырамас бөлігіне айналады.

Репутациялық тұрақтылық заңдылығы – В.М. Шепель имидждің әлеуметтік қабылдауда тұрақты бейнеге айналу механизмдерін қарастырса [12], А.А. Калюжный педагог имиджінің әлеуметтік-психологиялық негіздерін талдады. Осы ғылыми еңбектерге сүйене отырып, цифрлық ортада жүйелі және кәсіби мазмұндағы әрекет уақыт өте келе тұрақты кәсіби беделге айналатыны анықталады.

Осылайша, цифрлық ортада болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі әлеуметтік репрезентация, кәсіби сәйкестік интеграциясы, құндылықтық негіз, цифрлық сәйкестік трансформациясы және репутациялық тұрақтылық заңдылықтарына бағынатын көпқырлы, динамикалық үдеріс ретінде сипатталады. Бұл заңдылықтар кәсіби имиджді саналы түрде қалыптастырудың теориялық негізін айқындайды және ұсынылған модельдің ғылыми негізділігін дәлелдейді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджін дәстүрлі педагогикалық сипатта ғана емес, цифрлық мәдениет контексінде кешенді қарастыруында көрінеді. У. Липпман мен Э. Гоффман еңбектерінде имидждің әлеуметтік қабылдау мен өзіндік презентацияға тәуелді екендігі дәлелденсе, Шерри Теркл, Генри Дженкинс және Мануел Кастельс зерттеулерінде цифрлық кеңістіктің тұлғалық және әлеуметтік сәйкестікке ықпалы айқындалған. Осы теорияларды интеграциялау кәсіби имидждің цифрлық ортада саналы түрде құрылатынын және оның аудиториялық қабылдаумен өзара байланыста дамитынын негіздеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясы мен Л.М. Митинаның педагогтың кәсіби дамуы туралы тұжырымдары кәсіби имиджді тұлғалық «Мен» мен кәсіби рөлдің интеграциясы ретінде түсіндіруге негіз болды. И.А. Зимняя мен М.С. Каган еңбектеріндегі құндылықтық компоненттің жетекші рөлі цифрлық ортадағы кәсіби бейненің тұрақтылығы кәсіби-этикалық ұстанымдарға тәуелді екенін дәлелдейді. Ал В.М. Шепель мен А.А. Калюжный зерттеулеріндегі репутациялық тұрақтылық идеялары цифрлық іздің кәсіби беделге ұзақ мерзімді ықпалын түсіндіреді.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, зерттеуде кәсіби имидж цифрлық мәдениетпен өзара байланыста қарастырылып, оны саналы кәсіби өзіндік презентация арқылы дамыту жолдары айқындалды. Нәтижесінде кәсіби имидж тұлғалық, кәсіби және цифрлық сәйкестіктің интеграциясы ретінде түсіндіріліп, оның қалыптасу логикасы жүйеленді. Бұл болашақ педагог-психологтың кәсіби бейнесін цифрлық ортада мақсатты түрде ұйымдастыруға болатын басқарылатын педагогикалық процесс ретінде негіздеуге мүмкіндік береді.

### Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Goffman, E. Goffman E. The Presentation of Self in Everyday Life. - New York: Anchor Books, 1959.- 259 p.

[https://monoskop.org/images/1/19/Goffman\\_Erving\\_The\\_Presentation\\_of\\_Self\\_in\\_Everyday\\_Life.pdf](https://monoskop.org/images/1/19/Goffman_Erving_The_Presentation_of_Self_in_Everyday_Life.pdf).

2. ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000471>

3. Сластенин В.А. Учитель и время. – М.: Педагогика, 1990.

4. Калюжный А.А. Психология формирования имиджа учителя.-Академический проект, 2004. - 224 с.

5. Г.К. Кусаметова Педагогические особенности формирования имиджа преподавателя в вузе // автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук,-Алматы,-2010

6. Мынбаева К., Жаманкулова, А. Ж. Имидж учителя и преподавателя вуза: сравнительный аспект // Вестник КазНУ. Серия педагогические науки. – 2012. – № 2 (13). – С. 63–75. – Режим доступа: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/234>

7. Turkle S. Alone Together: Why We Expect More from Technology and Less from Each Other. - New York: Basic Books, 2011. - 360 p. <https://archive.org/details/alonetogetherwhy0000turk>
8. Castells M. The Rise of the Network Society. - 2nd ed. - Oxford : Wiley-Blackwell, 2010. - 597 p. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/book/10.1002/9781444319514>
9. Jenkins, H. Convergence Culture: Where Old and New Media Collide. - New York: New York University Press, 2006. - 308 p. <https://nyupress.org/9780814742815/convergence-culture/>
10. Lippmann, W. Public Opinion. - New York: Harcourt, Brace and Company, 1922. - 427 p. <https://www.gutenberg.org/ebooks/6456>
11. Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал: психологические проблемы / Л.М. Митина. – Москва: Дело, 1994. – 216 с.
12. Шепель В.М. Имиджелогия: учебное пособие /В.М. Шепель. М.: Народное образование, 2002. 254 с

**UDC: 378.4**

## **FORMATION OF CORPORATE COMPETENCIES OF TEACHERS BASED ON A VALUE APPROACH TO PROFESSIONAL DEVELOPMENT**

**Toleubekova Rymshash Kameshkyzy**

Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty

[toleubekova@mail.ru](mailto:toleubekova@mail.ru)

**Talpakova Moldir Zhumabekkyzy**

Master of Pedagogical Sciences, Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau

[moldirzhumabekkyzy@mail.ru](mailto:moldirzhumabekkyzy@mail.ru)

**Аннотация** Мақалада Қазақстан Республикасы жағдайында құндылықтық тәсіл негізінде педагогтың корпоративтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі білім беру реформалары мен бағдарламаларын іске асыру контекстінде педагогтың кәсіби дамуын білім беру ұйымының миссиясы мен құндылықтарымен үйлестіру қажеттілігімен негізделеді. Сонымен қатар, корпоративтік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейлерінің бастапқыдан жоғарыға дейінгі сипаттамасы берілген. Корпоративтік құзыреттіліктерді қалыптастырудың негізгі әдістері ашылады: тәлімгерлік, коучинг, кәсіби оқыту қауымдастықтары. Корпоративтік құзыреттіліктерді тиімді қалыптастырудың ұлттық басымдықтарды ескере отырып, миссия мен құндылықтарды әзірлеу, тәлімгерлік жүйесі, басшының трансформациялық көшбасшылығы, ішкі коммуникациялардың дамыған жүйесі, психологиялық қауіпсіз білім беру ортасы, тану және ынталандыру жүйесі, мониторинг және диагностика ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары анықталады.

**Annotation** The article examines the problem of forming corporate competencies of teachers based on a value approach in the conditions of the Republic of Kazakhstan. The relevance of the study is determined by the need to align teachers' professional attitudes with the mission and values of educational organizations in the context of implementing educational reforms and programs. The article presents characteristics of corporate competency formation levels from initial to high. Key methods of corporate competency formation are revealed: mentoring, coaching, professional learning communities. Organizational and pedagogical conditions for effective corporate competency formation are identified: development of mission and values taking into account national priorities, mentoring system, transformational leadership of the head, developed internal communication system, psychologically safe educational environment, recognition and reward system, regular monitoring and diagnostics.

**Түйін сөздер:** корпоративтік құзыреттілік, құндылықтық тәсіл, педагогтың кәсіби дамуы, корпоративтік мәдениет, білім беру ұйымы, тәлімгерлік.

**Keywords:** corporate competence, value approach, professional development of teachers, corporate culture, educational organization, mentoring.

The current stage of development of the education system of the Republic of Kazakhstan is characterized by large-scale reforms aimed at improving the quality of education and integration into the global educational space. The Concept for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2023-2026 defines strategic guidelines for the modernization of